

Перечисляя средства, способствующие развитию интереса к иностранным языкам нельзя не остановиться ещё на одном – пении. Обращаясь на занятиях к пению, решаются несколько задач: пение способствует улучшению иноязычного произношения, развивает память; несёт большой эстетический и воспитательный потенциал: происходит приобщение к музыкальной культуре страны изучаемого языка. Пение вносит разнообразие, снимает усталость.

Успех обучения и отношение детей к предмету во многом зависит от того, насколько интересно и эмоционально педагог проводит занятия. Конечно, в процессе обучения иностранным языкам детей дошкольного возраста большое значение имеет игра. Чем более уместно педагог использует игровые приемы, наглядность, тем прочнее ребенок усваивает материал. Наблюдения показывают: укрепляя уверенность ребенка в себе, а так же повышая его самооценку, педагог создает условия для его успеха и достижений в изучении иностранного языка. Даже исправление ошибок должно протекать как определенный этап игры.

Использование разнообразных приёмов и методов, вовлекая детей в разнообразную деятельность, позволяет сделать изучение английского языка эффективным и интересным. Кроме того это способствует гармоничному развитию личности ребёнка. Важно только учитывать возрастные и индивидуальные особенности детей, предотвращать перегруженность и утомляемость.

Наши сегодняшние дети – это завтрашние хозяева страны. И поэтому уже, сегодня необходимо заботиться о воспитании маленьких граждан Республики Казахстан. Естественно, что освоение языков детьми требует и от родителей большой отдачи и терпения.

Стремление к трехязычному образованию является самым перспективным и полностью соответствует тенденции в странах Европейского союза. Изучение нескольких языков поможет интеграции Казахстана в экономическую и культурную сферы мирового сообщества. Владея языками, люди способны понимать друг друга, сотрудничать и взаимодействовать. Существует очень мудрое и актуальное в настоящее время изречение: чем на большем количестве языков вы говорите, тем больше раз вы человек.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. «Новый Казахстан в новом мире».- Астана, Акорда, 2014.
2. Новые педагогические технологий в системе образования.- М.: Академия, 2000г.

Омиртаева Ельназ Шакеровна
КМҚК «№9 «Айгөлек» ясли –бақшасы»
қазақ тілі мұғалімі
Семей қаласы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

АННОТАЦИЯ

Бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды тіл мәдениетіне баулуға бағыт – бағдар берілген. Сонымен қатар қандай жұмыс түрлерін, көркем материалдар, халық ауыз әдебиет шығармаларын қолдану жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: тіл дамыту, тіл мәдениеті, ерекше дыбыстар, тіл кемшіліктері

АННОТАЦИЯ

На сегодняшний день проблема развития речи детей дошкольного возраста остается одной из самых актуальных. В статье указаны направления для развития звуковой культуры речи

дошкольников. Наряду с этим показаны виды работ, использование материалов художественной литературы и устного народного творчества.

Ключевые слова: развитие речи, звуковая культура, специфические звуки, дефекты речи

ABSTRACT

Today, the problem of language development of preschool children remains one of the most important. The article indicated the direction for the development of the sound of speech of preschool children. At the same time it shows the types of work, use of materials and literature folklore.

Keywords: Speech development, sound culture, specific sounds, speech defects.

Жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі мекемелерде мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымы, санасы, зердесі, тілінің дамуы, сөздік қорының молаю, сөзге қызығылушығы жедел қалыптасатыны ғылымда дәлелденген. Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімінің, сөйлеу, ойлау тілінің, мінез-құлқының, мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді. Сондықтан баланы дұрыс сөйлеу білуге үйретудің маңызы зор. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде баланың қалыпты дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным мен іскерлігі артады. Соңғы кезде балалар арасында сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады. Сөйлеу тілі бұзылған баланың белсенді қозғалуында белсенді жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикаларында ауытқушылықтар байқалады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету жұмыстары, оның жеке тұлғалық белгілерін психолог, логопед мамандарымен бірлесе отырып анықтап алу қажет. Балалармен күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет. Ойын жаттығулары балаларға қызықты, тартымды болуы тиіс.

Баланың тілін дамытуда сөйлеу басты рөл атқарады. Сөйлеудің негізгі және басты өлшемі қарым-қатынас құралы ретінде коммуникативтік қызмет атқарады. Бала әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуде ақпарат алысады. Тілдің коммуникативтік қызметінің бұл аспектілерін мектеп жасына дейінгі балалар белсенді меңгереді. Дәл осы тілдік қызмет баланың тілді меңгеруіне ықпал етіп, фонетика, лексика, грамматикалық тұрғыда дұрыс сөйлеуі мен диалогтық сөйлеуді игертеді.

Тіл дамытудың негізгі міндеттерінің бірі – балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, оның атын атай білуге, қасиетімен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Балаларды тіл мәдениетіне тәрбиелеу, сөздік қорды дамыту жұмыстары бақылау, заттарды қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын барысында дамытылады. Кішкентай сәбилер сөз ішіндегі кейбір дыбыстарды айтуға қиналады. Бала тіліндегі дыбыстық кемшіліктер мына түрде кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, дыбысты алмастыру (қолғап-қолбақ, орамал-омарал т.б). дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру жұмыстарын басқа сабақтарда да (шығарма оқу, дидактикалық ойын, бақылау) мазмұнына қарай жүргізуге болады. Бала оқу жылы ішінде бағдарламада көрсетілген дыбыстарды түгелдей дұрыс айтып үйренуі тиіс.

Жоғарыда аталған тіл кемшіліктерін түзету үшін ең алдымен баланың айтуына қиын р, ш, з, с, ж, т, қ, ғ дыбыстары жиі кездесетін сөздерді тындата отырып, оның есту қабілетін дамыту, сөздің дыбысталу ерекшелігіне төселдіру. Соңынан осы дыбыстарды жекелеп айтып, сөйлеу мүшелерін дұрыс қоя білуге үйрету, көрсетіп жаттықтыру қажет: «Ш» дыбысын айтқанда ерін алға сәл сүйірленіп, тілдің ұшы тілден алыстап, артқы көмейге қарай жиырылады. Іштен жылы ауа шыққаны байқалады. «Ж» дыбысында «Ш» сияқты айтылады. «С» дыбысын айтқанда ерін ғана ашылып, тіл астыңғы тістің түбіне таяу тіреліп, салқын ауа білінеді. «З» дыбысы «С» дыбысы сияқты айтылады. Мұндағы ерекшелік – аздаған үн

қатысы бар. Осылайша балаларға жеке дыбыстарды айтқыза отырып, ойын әдісін түрлендіре, сөйлеу аппаратын дұрыс қолдануға үйрету қажет. Мұндайда ойын мен көрнекілік әдісті баланың көру, тындау қабілетін дамытуға қатар қолдануға болады. Ең алдымен ойыншықтарды көрсетіп, олардың атын айтқызу, дауыссыз дыбыстар жиі қолданылатын сөздерді қатыстыра отырып үйрету қажет. Ойын үстінде айтуға қиын дыбыстардың жиі қолданылуына көңіл бөлінуі керек. Мұндайда хормен айтқызу әдісін жекелей айтқызумен қайталап жалғастырудың орны бөлек. Дыбысты дұрыс айтуға үйрету үстінде қозғалмалы ойын әдісі тиімді емес, өйткені балалардың зейіні ойын әрекетіне ауады да, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығу назардан тыс қалады. Естияр балалар тіліндегі бірінші ерекшелік – сөздің дыбысталу жағын дұрыс айтуға қабілетті бола бастайды. Олардың фонетикалық есту сезімі жетіле түседі. Бұл жағдай жеке сөздердің дыбыстық жағын дұрыс айтуына негіз болады. Екінші ерекшелігі – олар өзінің сөйлеу тіліндегі мүкістікті байқамайды, сөздерді дұрыс қолдану керектігін ескермейді, артикуляциялық аппараттарды дыбыстау жағынан әлі толық жетілмегендіктен кейбір дыбыстарды қате айтады. Сондықтан оларды сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға жаттықтыру жұмысы – тіл дамыту ісінің негізгі бір бөлігі болып табылады. Өзім жұмыс істейтін топтағы балалардың сөйлеу дәрежесін, сөз қолдану ерекшелігін бақылап, есепке алу кестесін жүргізіп отырамын. Бұл жұмыс балабақшаға алғаш келген күннен басталады. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттен тыс уақыттарда түрлі суреттер мен ойыншықтарды пайдалана отырып, әр баламен жеке сөйлесіп, сөйлеу дәрежесін, сөз қолдану ерекшелігін бақылап отырамын. Бұл жұмыс балабақшаға алғаш келген күннен басталады. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттен тыс уақыттарда мен балалармен жеке сөйлесіп, сөйлеу дағдысындағы жетістік, кемшіліктерді анықтап отырамын. Баланың тіл мүкістігін түзету үшін өтілетін ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттің мазмұны бірнеше бөлімнен құралады. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттің бірінші бөлімінде үйрету мақсаты қойылады. Мысалы: «Бүгін (Р) дыбысын дұрыс айтып үйренеміз» - деп, сонан соң, жеке дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің қандай жағдайда болатынын көрсетеді. Оқу іс - әрекетінің екінші бөлімінде сол дыбыс қатысатын сөздерді айтқызып жаттықтырамын. Педагог өзі бірнеше суретті (р немесе л дыбысы қатысатын) көрсетеді, балалар ондағы заттарды айтады. Балаларға өз ойларынан бірнеше мысал айту ұсынылады. Олар жауап береді. Оқу әрекеті соңында сол дыбыстар қатысатын өлең, тақпақ не жаңылтпаш оқылады. Жаңылтпаш жаттығулар арқылы «Р» дыбысына тілі келіп сөзді мүдірмей айтуға үйренген баланың қуанышы қойнына сыймай, өмірдің өткелінен өткендей әсер алады.

3-4 жасқа дейінгі балалардың суретті кітаптарды қызыға қарайтыны белгілі. Сондықтан оларға суреті айқын кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру ыңғайлы. Бұл жастағы сәбилерге оқиғасы сәтті аяқталатын, қорқыныш сезімін тудырмайтын халық ауыз әдебиеті нұсқауларын жатқа айтып беріп, ойната тыңдату тиімді. Көркем әдебиет арқылы бала тілін дамытуда тек қана ертегіні оқып беріп қана қоймай, ертегіні рөлдерде бөліп сахналату бала тілін дамытуға зор ықпалын тигізеді. Балабақшада тағы бір жүргізілетін жұмыстың түрі – санамақтар. Санамақтарды халық негізінен балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, баланың қисынды ойлауымен мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Сәби тілін дамытуда мақал – мәтелдердің де алатын орны ерекше. Балаға айтатын ақыл өсиет, өнеге, әсерлі әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. Тіл дамытуға көркем әдебиет түрлерін орынды пайдалана білген педагог баланың түсінігін кеңейтіп, ұғымын байытады.

Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту ісінің бір ерекшелігі көрнекіліксіз іске аспайды. Сондықтанда да әрбір ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде көрнекілікті басшылыққа ала отырып еңбек етемін. Біздің балаларымыз бақытты болуға лайықты. Бұл тек қана баланың жеке тұлға ретінде дамуына қажетті жағдай туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

Қолданылған әдебиет:

1. Дурова Н.В. – Әдістемелік құрал. «Фонематика. Как научить детей слышать и правильно произносить звуки».– Мозаика – Синтез, 2000.
2. Корнев А.Н., Старосельская Н. Е. – Әдістемелік құрал «Как научить ребенка говорить, читать и думать»., «Паритет», 1999.

Пономарева Екатерина Александровна,
преподаватель английского языка
Молдакаликова Асель Акелбековна,
преподаватель английского языка
Буранова Асем Бисенбаевна,
зав. каф. английского языка
г.Костанай

ФОРМИРОВАНИЕ ТОЛЕРАНТНОЙ ЛИЧНОСТИ НА ЗАНЯТИЯХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

АННОТАЦИЯ

Төзімділікті дамытып қолдану қазіргі әлеуметтік тапсырысы бойынша студенттерді болашақ маман әрекетіне дайындаудан туындайды. Берілген мәселені яғни оның ғылыми мәртебесін анықтау, ғылыми дәлелдеу және төзімділікті дамытудың жолдарын іздеу ағылшын тілінен практикалық грамматика пәні оқыту барысында қажеттілігі туындайды.

***Түйінді сөздер:** төзімділік, өзараәрекет, тәрбие процессі, оқу процессі*

АННОТАЦИЯ

Реализация идеи развития толерантности обусловлена современным социальным заказом подготовки студентов к будущей профессиональной деятельности. Возникает необходимость изучения данной проблемы, определения ее научного статуса, научного обоснования и поиска путей развития толерантности в процессе изучения дисциплины «Практическая грамматика английского языка».

***Ключевые слова** толерантность, взаимодействие, интолерантное поведение, воспитательный процесс, учебный процесс.*

ABSTRACT

The idea of tolerance development is determined by the modern social order of student training to the future professional activity. It is necessary to study this problem, its scientific status determination, searching the ways of tolerance development in the process of “Practical English grammar” studying

***Keywords:** tolerance, interaction, intolerant behavior, up-bringing process, educational process.*

В современной жизни понимание толерантности неоднозначно и неустойчиво, по этой причине понятие толерантности имеет довольно широкий диапазон интерпретаций. Так, в современном английском языке, толерантность означает готовность и способность без протеста воспринимать личность или вещь; во французском – позволять, допускать, проявлять великодушие в отношении других. Широкую гамму чувств, отношений понятие «толерантность» выражает в арабском языке, где оно употребляется в значении прощения, снисхождения, мягкости, сострадания, благосклонности, расположенности к другим людям, в русском языке наиболее близким по значению понятию «толерантность» является термин «терпимость», что в обыденном употреблении означает способность, умение терпеть, мириться с чужим мнением.

В Костанайском педагогическом колледже работают научно-исследовательские группы (НИГ). Студентка второго курса Исмагулова И., будучи членом НИГ, совместно с преподавателем Бурановой А.Б. работают над проблемой формирования толерантной личности на занятиях английского языка.

Проблема формирования толерантного сознания и поведения особо актуальна в организации воспитания молодого поколения, которое в силу возрастных особенностей не